

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 281 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі бойынша:

032 "Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері 1050000"

бағдарламасы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Алматы қаласының N 5 қалалық клиникалық ауруханасының N 1 корпусын сейсмикалық күшейту 104628

Алматы қаласының орталық қалалық клиникалық ауруханасының N 1 және 2 павильондарын сейсмикалық күшейту 254816

Алматы қаласында Жұбанов көшесінің бойындағы 11-үйдегі қалалық перинаталдық орталық ғимаратын (N 5 және 6 павильондар) сейсмикалық күшейту 151038

Алматы қаласында Сейфуллин даңғылының бойындағы 492-үйдегі N 1 перзентхананың N 4 және 5 корпусары ғимараттарын сейсмикалық күшейту 117506

Алматы облысы Көксу ауданының Балпық би кентіндегі орталық аудандық аурухананы сейсмикалық күшейту 50000".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі